

**А. Шакиров, 2-курс**  
**Ғылыми жетекшісі: Н. Жанхан, қылмыстық құқық және криминология**  
**кафедрасы оқытушысы**  
**(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды**  
**академиясы)**

## **ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ СУБЪЕКТІСІ РЕТІНДЕ**

Қазақстандағы және КСРО ыдырағаннан кейінгі уақыттан бергі тәуелсіз мемлекеттердегі қылмыстық-құқықтық реформа өткізу кезеңіндегі талқыланатын өзекті мәселелердің бірі — заңды тұлғалардың қылмыстық жауапкершілігі.

Біз заңды тұлғалардың қазіргі заманғы қоғамда өте маңызды әлеуметтік қызмет жасайтындығын атап өткеніміз абзал. Олар қоғамдық қатынастардың жеке басты субъектісі ретінде ерекше мәртебе алған болатын, олар қоғам мен мемлекетте өтіп жатқан әлеуметтік, саяси және құқықтық үрдістерге белсене қатысады. Қазіргі заманғы қоғамның негізгі күші осы заңды тұлғалардың бойында шоғырланған, ол — заңды тұлғалардың және олардың бірлестіктерінің мақсаты мен қызығушылықтарына бағытталған қаржылық қорлар.

Көптеген мемлекеттердің қылмыстық заң жиынтығында заңды тұлғалар қылмыстың субъектісі ретінде қаралмаған, әлі шешімін күтіп тұрған мәселе болса да, бүгінгі таңда шетел заңгерлерінің басым көпшілігі қылмыстық жауапкершілікке, жасаған қылмыс әрекеттеріне тек жеке тұлғалар — адамдар ғана тартылады деген пікірлер айтады. Алайда заңды тұлғаларды қылмыстық жауапкершілікке тарту керек деген пікірді ұстанатын елдер де кездеседі: АҚШ, Англия, Италия, Франция, Канада, Дания, Финляндия, Португалия, Ирландия, Люксембург. Ал, Германия мен Нидерланды елдері осы мәселеге әлі де болса сақтықпен қарайды. Испания, Бельгия және Швецияда заңды тұлғаларды жауапқа тартатын қылмыстық жауапкершілік бар. Жапония, Швейцария, Шығыс Еуропаның көптеген елі заңды тұлғаларды қылмыстық жауапкершілікке тартуға мүлдем қарсы. ТМД-ның кейбір елдерінің Қылмыстық кодексінің жобаларында осы мәселелер қаралды, бірақ бекітілмей келеді<sup>1</sup>.

Заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығы институты туралы мәселе бірнеше рет қылмыстық құқық теориясында қарастырылды. Әдеттегідей, заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығын енгізу туралы мәселені қолдайтындар да, қолдамайтындар да бар. Республика көлеміндегі ғалымдардың арасында қылмыстық жауаптылықты енгізуге қарсылық білдірушілер көп. Бірақ, осыған қарамастан, заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылық институтын заңнамаға енізуді қолдайтын ғалымдар көбеюде. Көптеген ғалым еңбектерінде мына мәселелерге ерекше көңіл аударады, яғни табиғатты қорғау заңнамасын бұзудың салдарынан, экономикалық және өзге де құқық бұзушылық салдарынан үлкен зиян келтіріледі (мысалы, салықты төлеуден жалтару, сапасыз өнімдер сату, банктік алаяқтық және т. б.) және де мұнда азаматтық және әкімшілік заңнама шеңберінде ұйымдарға қолданылатын айыппұл санкциялары келтірілген зиян үшін мөлшеріне сәйкес келмейді. Өртүрлі меншік нысанындағы заңды тұлғалардың көбеюі мен олардың қоғамдық өмірдегі беделінің өсуіне байланысты заңды тұлғалардың қызметтерін қатаң реттеу мен бақылау қажеттілігі пайда болды<sup>2</sup>.

АҚШ, Франция, Италия, Германия және Нидерланды елінің тәжірибесі көрсеткендей, заңды тұлғалардың басшылығын қылмыстық жауаптылыққа тарумен қоса, сол заңды тұлғаны да оған тиесілі мүлкімен қылмыстық жауаптылыққа тартқан жөн. Е. Ю. Антонованың заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығы институтына қатысты екі негізгі қарсылығы бар:

1) заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығы жеке жауаптылық принципіне қайшы келеді.

2) заңды тұлғаға адамның физикалық табиғаты тән болмағандықтан, оны бас бостандығынан айыра алмаймыз және оны қамауға ала алмаймыз<sup>3</sup>.

А. В. Наумовтың пікірі бойынша, «заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығы жеке жауаптылық принципімен бірге бола алады және оны толықтырып отырады, егер заңды тұлға жеке тұлғаға тең құқылы және тең міндетті қылмыс субъектісі ретінде танылса, онда оның қылмыстық жауаптылығына жеке жауаптылық принципімен бірге болуға және оны толықтырып отыруға қажет емес, бұл жеке жауаптылықтың өзіндік түрі болып табылады»<sup>4</sup>.

Заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығын енгізу туралы бірқатар құқықтанушылар өз ойларын ортаға салды, мысалы, Е. Ю. Антонованың пікірі бойынша, заңды тұлғалар мынадай жағдайларда қылмыстық жауаптылыққа тартылуға тиіс, егер:

а) әрекет заңды тұлғаның атынан немесе заңды тұлғаның мүдделері үшін жасалса;

ә) егер әрекетке рұқсат берілген болса, органның, қызметкердің, заңды тұлғаны басқару функцияларын иеленген тұлғаның абайсыздығынан орындалған немесе жол берілген болса;

б) әрекет заң нұсқамасын орындамауынан немесе тиісінше орындамауынан тұрса<sup>5</sup>.

Ғалымдардың жоғарыда келтірілген пікірлеріне сүйене келе, заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығын енгізу керек деген пікірдеміз. Шетелдіктердің тәжірибесі

көрсеткендей, заңды тұлғаларды жауапқа тарту осы аталған қылмыстарды болдырмауға бағытталған күрестің оңтайлы түрі болмақ.

<sup>1</sup>К вопросу об уголовной ответственности юридических лиц // Экономика и право. — 2004.

<sup>2</sup> Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. Общая и Особенная части / Под общ. ред. И. Ш. Борчашвили. изд.2-е. — Алматы, 2007.

<sup>3</sup> Антонова Е. Ю. Уголовная ответственность юридических лиц в международной практике // Юридический мир. — 2008. — № 7.

<sup>4</sup> Наумов А.В. Предприятие на скамье подсудимых // Советская юстиция. — 1992. — № 17-18. — С. 3.

<sup>5</sup> Каиржанов Е. И. Уголовное право Республики Казахстан. Общая часть. — Алматы, 1998.